

Успен ауданы Лозов ауылдық округінің Лозов ауылындағы кейбір көшелерін қайта атау туралы

Павлодар облысы Успен ауданы Лозов ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 16 қазандағы № 1 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 1 қарашада № 6096 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Успен ауданы Лозов ауылдық округінің Лозов ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып және облыстық ономастикалық комиссиясының 2018 жылғы 12 шілдедегі қорытындысы негізінде, Лозов ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Успен ауданы Лозов ауылдық округінің Лозов ауылында келесі көшелері:
 - "Советская" көшесі "Береке" көшесі болып;
 - "Октябрьская" көшесі "Жастар" көшесі болып;
 - "Пирогов" көшесі "Достық" көшесі болып;
 - "Садовая" көшесі "Отан" көшесі болып;
 - "Репин" көшесі "Бірлік" көшесі болып;
 - "Победа" көшесі "Жеңіс" көшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Лозов ауылдық
округінің әкімі*

Б. Баймуллин